

Ракета-ұшырғыштардың бөлінген бөліктерінің сынықтарын әкету туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1994 жылғы 16 қараша N 1298

Россия Федерациясы мен Қазақстан Республикасының арасындағы 1992 жылғы 25 мамырдағы "Байқоңыр" космодромын пайдаланудың тәртібі туралы және 1993 жылғы 25 желтоқсандағы "Бойқоңыр" космодромында жұмыстарды атқару үшін қажетті тауарларды шекара арқылы өткізу тәртібі туралы келісімдердің негізінде, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының экспортқа шығарылатын тауарларға кеден тарифі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 11 қаңтардағы N 1499 U941499 Жарлығына (Қазақстан Республикасы ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 3, 20-бап) сәйкес Байқоңыр космодромын пайдалануға байланысты түсті металдары бар (алюминий, мыс) ракета-ұшырғыштардың бөлінген бөліктерінің сынықтарын одан әрі өңдеу үшін әкетуді, жинауды, экологиялық зардаптарын жоюды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Ракета-ұшырғыштардың бөлінген бөліктерінің сынықтарын әкетуді жүзеге асырушы Жезқазған облысының кәсіпорындары экспорттық-кеден баж салығын төлеуден (ТН ВЭД бойынша 7404 және 7602 коды) босатылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі